




19-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ТАРИХИ АНТРОПОЛОГИЯ

Ресейлік өмір сүру салты тарихы





Кітап: Тарихи антропология
Дәріс: Ресейлік өмір сүру салты тарихы
Дәріс авторы: Жамбыл Артықбаев

Мақсаты: «Тарихи антропология» пәні аясында өмір сүру салты үлкен орын алатыны белгілі, бірақ оның Ресейлік тәжірибесі жаңа қалыптасып келеді. Оқу құралына сүйене отырып біз өмір сүру салты тақырыбына қатысты ресейлік тәжірибені қарастырамыз.

Негізгі идеялары:

1. Еуропалық нұсқадан Ресейлік алаңға

Сәлеметсіздер ме, құрметті онлайн-көрермен. Бүгін біз белгілі Ресей антропологы М.М.Кромның «Тарихи антропология» оқу құралы (үшінші басылым, түзетілген және толықтырылған) кітабы бойынша дәрістер топтамасын жалғастырамыз. Еуропалық академиялық әлеуметтік тарих өкілдері ешқашан біркелкі бір идеяның соңында болған жоқ. Жалпы «өмір сүру» ұғымы батыстық болғанымен, олардың зерттеу алаңы әденуір кең алқапты қамтушы еді. Әлеуметтік тарихта “мәдениетке” жеткілікті көңіл бөлмеу тенденциясы болғаны да рас. Алайда бәрінен бұрын өмір сүру салты тарихының өзі бұл бағытқа тән қиыншылықтар мен қате қағидалардан арылуы тиіс. Осы бағыттың негізін салушы Ю.Кокка мәдени антропология бағытындағы өмір сүру салты тарихы (Alltagsgeschichte) әлеуметтік тарихты шын мәнісінде байытуы мүмкін екенін мойындауға дайын еді. Бірқатар ғалымдар Ю.Кокканың өздеріне қарсылығын қабыл алды және Й.Мартин мен А.Ничке баяндамаларында тарихи антропологияға қатысты қолданған тәсілдерді тарихи антропологиялық көзқарас тұрғысынан тиімді (бірқатар ескертпелермен) деп тапты; Х.Медик пен оның геттингендік әріптестерінің, жинақтай айтқанда, өмір сүру салты тарихы деп аталған мәдени-антропологиялық бағыттағы тәсіліне айтылған сынды үдетті (Медиктің Дюссельдорфтағы коллоквиумдегі баяндамасы ғана емес, оның мақалалары мен Д.У.Сэбиан мен А.Людкенің жоғарыда аталған “Классы и культура” жинағындағы еңбектері де назарға алынды).

Біріншіден, микротарихи зерттеулер мүмкіндігі шектеулі; себебі, репрезентативтілік мәселесі туындайтындықтан, аталған жағдайды осыған ұқсас басқа жағдаймен салыстыруға тура келеді, ал бұл қандай бір ұғымдарға талдау жасауға қажетті күш-жігерді талап етеді. Сондай-ақ, жалпымен байланысы анықталмайынша, жеке нәрсе маңызды болып саналмайды. Өмір сүру салты тарихында әзірге синтез үлгісі қолданылған жоқ, шамасы, ол оған қабілетсіз. Екіншіден, тарихи шындықты түсіндіруге арналған ұғымдар мен теорияларды оның өзінен шығаруға болады деген пайым - неотарихи қиял. Тарихи әлеуметтік шындықты ғылыми тұрғыда қарастырудың ешқандай да тура, тікелей жолы жоқ. Өмір сүру салты тарихы мен ғылымның арасындағы айырмашылық осында. Мәдени-антропологиялық бағыттағы әлеуметтік тарихқа немесе өмір сүру салты тарихына Ю.Кокка тұжырымдаған ақырғы үкімі - құндылығы қаншалықты болса да, бұл тәсіл тарихи әлеуметтік ғылым парадигмасына нұқсан келтірмейді, керісінше, кеңейтеді, алайда, оның әлдебір баламалы парадигма болуға талпынысы қиялға негізделген дегенге саяды.

2. Микротарихтан өмір сүру салты тарихына

Өмір сүру салты тарихы қоғамдық үдерістер мен тенденциялардың автоматизмі туралы жеңіл түсінікке қарама-қарсы (италиян микротарихының тарихнамалық контексте тууы туралы, И.Е.Андроновтың және Эдвард Мюирдің ескертпелерін қараңыз), Италиядағы институттық және заңнамалық тарихқа, синтез-тарихқа реакция ретінде пайда болды. Э.Гренди мойындағандай, бұл бағыттың қалыптасуына әлеуметтік антропология қатты ықпал етті. Дәл осы автор микротарихтың ішкі әртектілігін атап өтеді. Бұл түсінікті де. Теориялық манифестер бұл қозғалыс туындағаннан кейін он жылдан соң пайда болғандықтан, нақты зерттеу тәжірибесі әрқашан айқындаушы мағынаға ие болды.

Әйтсе де, микротарихтың қандай да бір ортақ принциптерінің болатыны сөзсіз. Оларды анықтау үшін микротарихтың ең танымал манифесті болуға тиісті - Дж.Левидің алғаш рет 1991 жылы жарық көрген мақаласына жүгінейік. Ең алдымен бұл бағыттың эксперименттік сипаты жөнінде айту керек: тарихшылар зерттеу әдістемелерін де, материалды мазмұндау түрлерін де түрлендіреді. Бүкіл бағытқа атауын берген тәжірибенің айқын бөлігі - зерттеу ауқымын өзгерту болып саналады: зерттеліп отырған құбылыстың әдетте тарихшылар назарынан тыс қалатын, елеулі ерекшеліктерін құдды үлкейткіш әйнекпен қарағандай анықтап барлау үшін зерттеушілер микроталдауға жүгінеді.

Дж. Леви проблеманы микродеңгейде зерттеу мәселенің өзінің ауқымына ерекшелеп көрсетпейтінін айтады. Керісінше, микроталдау “шынайы өмірдің белгілі бір нүктелерінде” жалпы үдерістің бағыттық өзгерісін көруге мүмкіндік береді. Мұның қалай жүзеге асатынын Дж.Левидің өзінің Еуропаның негізгі



Кітап: Тарихи антропология
Дәріс: Ресейлік өмір сүру салты тарихы
Дәріс авторы: Жамбыл Артықбаев

тілдерінің барлығына аударылған “Нематериальное наследство: Карьера экзорциста в Пьемонте XVII века” (1985) кітабы арқылы көруге болады.

Бұл кітаптың кейіпкері - адамдардың бойынан жын шығара білетінімен аты шыққан дін қызметшісі және экзорцист Джован Баттиста: оқиға орны - Сантена пьемонт деревнясы, зерттеу тақырыбы - ескі жүйедегі шаруалар өмірін заманауиландыру үдерісі. Кітап атауының мағынасы мынада: бейресми билік пен жерлестерінің арасындағы құрмет Дж.Б.Кьезаға бұрында көп жылдар бойы жергілікті қауымдастықтың көшбасшысы болған әкесі, сот және нотариус Джулио Чезаре Кьезадан “мұрагерлікке” қалған. Автордың алдына қойған негізгі міндеті - бір жағынан, жеке және отбасылық күрделі қарым-қатынасты, екінші жағынан, жеке тұлғадан тыс экономикалық және саяси тенденцияларды бақылау. Дж.Леви осы мақсатпен Сантена деревнясының құжатта дерегі сақталған тұрғындарының барлығының өмірбаянын қарастырған. Зерттеушінің өз дереккөздеріне “қойған сұрақтары” сан түрлі: демографиялық көрсеткіштер, отбасылық құрылымдар мен байланыстар, жерге байланысты операциялар, шаруа ментальдығы, әулеттер бәсекелестігі, деревняның сыртқы әлеммен қарым-қатынасы, т.б.

Италян тарихшысы жасаған қорытындылар сөзсіз маңызды және жергілікті, тіпті ұлттық тарих шеңберіне сыймайды. Бір қарағанда жер телімі нарығы болып көрінген нәрсе зерттей келгенде әлдеқайда маңызды құбылыс болып шықты: жерге байланысты барлық операциялардың жеке басқа қатысты реңкке ие екені белгілі болды, жер бағасы үздіксіз құбылып тұрған және мәміле жасасушылардың жеке қарым-қатынасына тәуелді болған. Осы деревняның саяси мәртебесіне қатысты бақылаулар да мейлінше қызық. Сантена XVII ғасырда пайдаланған автономия, белгілі бір деңгейді, оған үстемдік етуден үміткер бірнеше мемлекеттердің [Кьери қаласына жақын маңдағы мемлекет пен архиепископтың] бәсекелестігінің салдары болатын. Қарама-қарсы мүдделер тепе-теңдігі мен Сантено соты және нотариусы Джулио Кьезаның ерекше делдалдық қызметі бұл деревняның маңайда болып жатқан саяси процестерден бірнеше онжылдықтар бойы сырт қалуына себепкер болды. Мәртебелі нотариус дүниеден өткеннен кейін ғана мемлекет деревнядағы билігін қайтарып ала алды.

3. “Кішкентай адамдардың” таңдауы

Дж.Леви жоғарыда аталған мақаласында микротарих пен антропологияның жақындығын мойындай отырып, алайда өзі және әріптестері ұстанатын тәсіл мен К.Гирцтің интерпретативті антропологиясының ара жігін анықтап алуды қажет деп санайды. Р.Дарнтон кітабын талдауға байланысты, жоғарыда егжей-тегжейлі баяндалған бұл келіспеушіліктің мәнісі - италян тарихшыларының Гирцтің қандай да бір нақтылық өлшемінен ада, асқан реалитивизмін қабылдамауында жатыр. Дж.Леви мен К.Гинзбург релятивизмнің келесі бір түрі - шынайы өмірді мәтінге апарып тірейтін постмодернизмге де қарсы шықты. Сонымен қатар, микротарихтың функционализммен тағы бір шегін ажыратып алу маңызды: функционалистер әлеуметтік-мәдени жүйені әлдебір біртұтас және қоспа нәрсе сияқты қарастырады және содан соң оларды өздерінің құрамына кіретін элементтерді түсіндіретін контекст ретінде пайдаланады. Леви атап көрсеткендей, микротарихшылар, керісінше, “нормативті жүйелердің дәйексіздігіне, демек, фрагменттікке, қарама-қайшылыққа, кез келген жүйені ширақ, ашық” ететін көзқарастар плюрализміне ерекше көңіл аударады, сол себепті, көптеген “кішкентай адамдардың” таңдауы мен стратегиясы арқасында өзгерістер болады, бұл бірізді емес нормативті жүйелер арасындағы саңылау салдарынан болуы да ықтимал”.

Негізгі терминдер:

антропология, тарихи антропология, мәдени антропология, әлеуметтік антропология, физикалық антропология, «Анналар» мектебі, саяси антропология, әскери-тарихи антропология, ауызша тарих, күнделікті өмір сүру салты тарихы, әлеуметтік ғылымдар, қоғамдық ғылымдар, микротарих, француз тарихнамасы, ментальдық тарихы, заманауи тарихи ғылым, гуманитарлық білімдер

Қосымша әдебиет:

1. Артықбаев Ж.О. Тарих философиясынан лекциялар. Бірінші бөлім. Алматы, 2019.
2. Блок М. Апология истории или ремесло историка. /Перевод Е.М. Лысенко. Примечания А.Я.Гуревича. - М., 1973.
3. Бродель Ф. Структуры повседневности: возможное и невозможное //Материальная цивилизация, экономика и капитализм XV-XVIII вв. /Перевод Л.Е. Куббеля. Вступит. статья и ред. Ф.Н.Афанасьев.



Кітап: Тарихи антропология
Дәріс: Ресейлік өмір сүру салты тарихы
Дәріс авторы: Жамбыл Артықбаев

- Т.1. - М., 1986.
4. Вундт Вильгельм. Социальные законы // Философия истории: Антология. Сост., ред. и вступ. ст. Ю.А.Кимелева. - М., 1995.
 5. Вебер А. Избранное. Кризис европейской культуры. - СПб., 1998.
 6. Время мира. Альманах. Вып.1-2. Структуры истории. Под. Ред. Н.С.Розова. Новосибирск, 2001
 7. Кочевники. Эстетика: Познание мира традиционным казахским искусством. - Алматы, 1993.
 8. Хейзинга Й. Homo Ludens. Статьи по истории культуры/ Пер., сост. и вступит. статья Д.В.Сильвестрова. Коммент. Д.Э.Харитонова. - М., 1997.
 9. Ясперс К. Смысл и назначение истории. /Пер с нем./ /Мыслители XXв./ - М., 1991.
 10. Vansina J. Oral Tradition. A Study in historikal metodology. Chicaqo, 1965.